



Жазғы сауықтыру



Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – білім саласы үшін маңызды мәселе. Тоғыз ай бойы мектепте оқып, жазғы демалысқа асыға жеткен балалардың жақсы демалуына жағдай жасау алдын ала әзірленеді, іс-шара жоспары бекітілді. Әсіресе, денсаулықты нығайтуға, шығармашылық, танымдық қабілетті арттыруға басымдық берілді.

«Ақ желкен» жазғы демалыс, сауықтыру лагерінің жұмыс жоспары төмендегідей бекітілді.



КЕЛІСІЛДІ
Қосымша білім беру және тәрбие
жұмысы бөлімінің басшысы
Г.Б.Сарамбетова
« 30 » 05 2024жыл



«Ақ желкен» мектеп жанындағы күндізгі лагерьі қызметі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже күндізгі мектеп жанындағы лагерьдің (бұдан әрі - лагерь) қызметін реттейді.

1.2 Лагерь жыл сайын жазғы кезеңде 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға арналған жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының базасында ашылады.

1.3 «Ақ желкен» лагерьі өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады.

1.4 Максаты: белсенді демалысты ұйымдастыру, балалардың толыққанды демалуын, олардың шығармашылық дамуы мен сауығуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

1.5 «Ақ желкен» лагерьінің міндеттері:

■ баланың бойында патриоттық сезімдерді, отбасына, үйіне, Отанына деген сүйіспеншілік пен құштарлықты дамыту үшін жағдай жасау, балаларға өздерін қазіргі қоғам өмірінің қатысушысы ретінде сезінуге мүмкіндік беру;

■ зорлық-зомбылық пен агрессияға және олардың кез келген түрдегі көріністеріне теріс көзқарасты қалыптастыру, өзін-өзі, басқа адамдарды және олардың мәдениетін құрметтеу және тану;

■ дене шынықтыру және спортпен тұрақты айналысуға қызығушылықты ояту, өз денсаулығын нығайту қажеттілігін қалыптастыру;

■ балалардың интеллектуалды және танымдық қабілеттерін, коммуникативті, қолданбалы дағдыларын және тәуелсіздігін дамыту;

■ балалар қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысандары арқылы балалардың жол-көлік жарақаттануының және басқа да қауіпті жағдайлардың алдын алу;

■ жазғы кезеңде балалардың демалысын ұйымдастыруда ата-аналардың сұраныстарын қанағаттандыру

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
АСТАНЫ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

24.04.24 № 394

Оқушылардың
жазғы демалысын,
ұйымдастыру туралы

Білім басқармасы балалардың сауықтыру демалысын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған іс-шара жоспары негізінде оқушылар мен студенттердің жазғы демалысын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшыларына (мектеп, колледж, қосымша білім беру, арнайы-мектептер, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы) жазғы маусымның басталуына байланысты оқушылар мен студенттердің жазғы мезгілдегі сауықтыру демалысын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.

2. Балалардың сауықтыру демалысын ұйымдастыру:

- М. Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының басшысы В. Моторинге қала сыртындағы маусымдық «Барап» лагерьі ү. ж. 1 маусым күні ашылып, балаларды қабылдау 03.06 – 25.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;

- М. Өтемісұлы атындағы, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының басшылары В. Моторинге, Р. Кушибаеваға профильді лагерьлер ү. ж. 1 маусым күні ашылып, балаларды қабылдау 03.06 – 16.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;

- мектеп директорлары мектепалды және ақылы профильді лагерьлер ү. ж. 1 маусымында ашылып, балаларды қабылдау 03.06 – 23.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;

- №№ 86, 87, 67, 59, 58, 40, 68, 43, 45, 85, 88, 91, 90, 4, 7, 69, 49, 76, 79, 75, 78 мектеп директорлары киіз үйлі лагерьлер ү. ж. 1 маусымында ашылып, балаларды қабылдау 03.06 – 16.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;

- №№ 40, 48, 19, 80, 61, 68, 69, 66, 76, 83 мектеп директорлары археологиялық лагерьлерге балаларды апару 03.06 – 23.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;


- Жасөспірімдердің өлкетану және туризм орталығы д.м.а. А. Кенжеғалиев шатырлы ү. ж. 1 маусымында ашылып, лагерьлерге балаларды апару 03.06 – 23.08. 2024 ж. аралығында жүргізілсін;

Таблица

Путевки в загородные лагеря для детей СУСН

№	Наименование школы, лагеря	Количество детей	Стоимость путёвки лагеря	Наименование лагеря и сезонов	Дата и время выездной комиссии (во главе с директором и поп.советом в лагерь)	Краткое описание в лагеря	Примечание
1.	Школа – гимназия №80 имени С.Сейфуллина	30	110 000тг (общий сумма 3 300 000тг)	СКО, Айыртауский район, Лобановский сельский округ, оз.Айыртавчик ДОЦ «Чайка» 1-сезон	17.05.2024	ДОЦ "Чайка" находится в уникальном регионе на берегу живописного озера Аиртавчик, в 70 км. от г. Кокшетау и в 4 км. от знаменитого целебными свойствами озера Шалкар. Там находится игровая площадка, футбольное поле, баскетбольное поле, волейбольное поле, а также Пляж, библиотека и т.г	-

Директор *Г. Майканова* Г. Майканова



«Жасыл ел» – мектеп, студент және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға, республика бойынша орман өсіруге, сол арқылы Қазақстандағы экологиялық жағдайды жақсартуға, жастарда Отанға деген патриоттық сезім мен туған жердің байлығына ұқыптылықпен қарау, халықтың барлық топтары өкілдерінің бос уақытын қызықты өткізуді ұйымдастыру, экологиялық жобаларды жүзеге асыру.

“Жасыл ел” бағдарламасы бойынша жаз айларында оқушылар мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстары бойынша жұмыс істейді.

Мамыр айында 9-10 сыныптар аралығында толық 16 жасқа толған (жеке куәлігі бар), бұдан алдын жұмыс жасамаған 12 оқушыға тізім сұралды. Одан оның 4-уі жұмыс істеуде.

Маусым айында 8-10 сынып аралығында 14 жасқа толған 12 оқушыға орын берілді.

Шілде айында 8-10 сынып аралығында 14 жасқа толған 7 оқушыға орын берілді.

Тамыз айында 8-10 сынып аралығында 14 жасқа толған 5 оқушыға орын берілді. Барлық бос орындарға оқушылар жазылды.



Оқу жылы барысында 5-9 сыныптар арасында Балдаурен сауықтыру лагеріне :

-Ақпан айында 10 оқушы (соның ішінде көп балалы, аз қамтылған, жетім,қамқоршылығынан айрылған отбасынан шыққан оқушылар) барып келді.

-Наурыз айында 11 оқушы (дарынды оқушылар) жолдама алып кетті.

-Сәуір айында Алматы қаласындағы Республикалық «Бөбек» сауықтыру орталығына 3-4 сыныптардан 1 жолдама келді. Көп балалы отбасынан 3 в сынып оқушысы Джамбул Ернар Мухтарұлы жіберіледі.

-Сәуірдің 11.04.24- 01.05.2024 ж күндері аралығында мектептен 8 оқушы жолдама алып, барып келді.

-Мамырдың 04.05.24- 24.05.2024 ж. күндері аралығында мектептен 2 оқушы жолдама алды.

